| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | **8.1.1.11 трапецияның анықтамасын , түрлерін және қасиеттерін білу (4 сағатқа берілген)** |
| **Сабақтың мақсаты** | трапецияның анықтамасын, түрлерін біледі және кескіндей алады;<br>трапецияның түрлерін қабырғаларының сандық мәні бойынша ажырата алады;<br>трапецияның қасиеттерін пайдаланып, шығармашылық тапсырмалар орындайды. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың басы/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| 2-3 мин<br><br><br><br>4-6 мин<br><br><br><br><br>7-8 мин | I.Ұйымдастыру кезеңі<br>Амандасу, түгендеу, топқа бөлу.<br>Оқушыларды **«Аялдама»** әдісі арқылы оқушыларды 3 топқа біріктіру.<br>Үй тапсырмаларын тексеру, талдау жасау.<br>**Белсенді оқыту әдістері «Серпілген сауал»**<br>Төртбұрыштар түрлеріне қарай қалай бөлінеді?<br>Дөңес төртбұрыштарға жататын фигураларды атаңыз?<br>Қандай фигура тік төртбұрыш деп аталады, элементтері қандай?<br>Параллелограмм туралы не білесіз? Белгілері мен қасиеттерін тұжырымдаңыз.<br>Шаршы деп қандай фигураны айтады. | Мұғалім мен сәлемдеседі.<br>Көңіл күйлерін білдіреді.<br>Оқушылар топқа бірігеді.<br>Үй тапсырмаларын көрсетеді, қателіктермен жұмыс жасайды.<br>Сұрақтарға жауап береді, өз-ой пікірлерін толық жеткізеді. | кері байланыс жасалады<br><br><br>кері байланыс жасалады, мадақтау сөзер арқылы қолдау көрсетеді | Слайд 1 (үй тапсырма шешімдері)<br><br>Слайд 2 (сұрақтар және жауаптары) |
| 9-10<br><br><br><br><br><br><br><br>11-20<br><br><br><br><br><br><br><br><br>21-30<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>31-36 | Сабақтың тақырыбы таныстырылады. Оқу мақсаты қойылады.<br>**«Идеал» әдісі** арқылы жағдаят туғыза отырып трапеция анықтамасын қорытып шығаруға мүмкіндік беремін. Оқушылардың ілгерілеуін белгілеп отыру үшін олардың жауаптарын пайдаланамын.<br>(кеспе фигуралар)<br>**«IDEAL» әдісі арқылы** оқушыларға ақпарат беріледі.<br>**I**-мәтін мазмұнындағы керекті ақпаратты анықтау.<br>**D**-алған ақпаратқа түсінік.<br>**E**-дәлелдеу.<br>**A**-дәлдеу барысындағы әрекеттер.<br>**L**-қорытынды жасау, атқарылған жұмысқа рефлексия жасау.<br>**S1=? S2=? S3=?**<br><br><br>**Sтрап=?**<br><br><br>**тапсырма:** (Жұптық жұмыс орындау барысында, ынтасы жоғары оқушы мен ЕББҚ оқушымен жұптастырамын**)** | Тақырыппен танысып дәптерлеріне жазады.<br>-Өзін-өзі дамыта отырып, өз ойын сынып алдында қорғайды,<br>-Топ жұмысының нәтижесін қолдап,<br>белгілеген мақсатқа қол жеткізеді.<br>**Дескриптор:**<br>- фигуралардың түрін анықтайды;<br>-трапецияның анықтамасын қорытып шығарады;<br>- трапецияның қасиеттерін қолданады.<br>Оқушылар<br>ақпаратты саралайды, сызба есептеріне тапсырма бойынша шарт құрып, шешімін қорытады.<br><br><br> | Мақсаттың айқындылығы бағалау,кері байланыс жасау<br><br>-Мәліметтердің дұрыстығына көз жеткізеді.<br>ҚБ жасалады, дескрипторлар сақталады<br><br><br><br><br><br><br><br>ҚБ жасалады, дескрипторлар сақталады. Кері байланыс жасалады.<br><br><br><br><br><br><br>Нәтижелерді салыстырып, нақтылықты қабылдайды.<br><br>Дескриптор | Слайд 3<br><br>А4 қағазда тапсырмалар сәйкестігі<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Слайд 4<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Геометрия |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 37-41 | **«Көршіңмен бөліс.»** алдыңғы жұмысты бекіте отырып терең игеру мақсатында сызба есептерін беру арқылы трапеция түрін анықтайды. Тұжырымдау барысында берілген тапсырма бойынша шарт құрып, есептер шығару дағдыларын қалыптастырады.<br>**2-тапсырма: «Сұрыптау жаттығуы»** әдісі<br>Оқушылар өз жұмыстарын өздері сипаттап, жақсарта алуы үшін талқылауға мүмкіндік береді;<br>оқушыларға не білгені туралы ойлануына уақыт береді.<br><br>**3 тапсырма: Практикалық тапсырма (қыздар, ұлдар тобы)**<br>**«Ойлан – жұптас – бөліс»** әдісі арқылы оқушылар топтық білімді жинақтау, ынтымақтаса жұмыс жасай отырып өз ойларын еркін, дәлелді түрде жеткізе білуге ықпал ету мақсатында топта тапсырманы орындайды. | **Дескриптор:**<br>трапеция өлшемдерін бірлік торкөзде анықтайды.<br>трапецияның қасиеттерін анықтайды;<br>сызба бойынша трапецияның түрін ажыратады.<br>Ақпаратты еске түсіреді, сызбаны салмай тұрып, ойларын жинақтап трапецияның түрлерін берілген үш төбесі бойынша тік не теңбүйірлі екендігін ажыратады.<br>**Дескриптор:**<br>- тікбұрышты трапецияның сызбасын салады;<br>- трапецияның қасиеттерін қолданады;<br>- белгісіз үш төбесін табады.<br>Трапецияның қасиеттерін пайдаланып, есептер шығарады, шығармашылық тапсырмалар орындайды<br>**Қыз балалар тапсырмасы**<br><br>**Ұл балалар тапсырмасы**<br><br><br><br>**Дескриптор:**<br>-юбка (шатыр)ұзындығын өлшейді.<br>-кіші табан,үлкен табан және биіктігін анықтайды.<br>-суретке қарап қасиеттерін ажыратады. | бойынша ұпай қойылады<br><br>Шығармашылық жұмыс нәтижелерін қабылдайды.<br><br>Дескриптор бойынша ұпай қойылады | оқулық 8 сынып. 2018 жыл Шыныбеков<br><br>Сдайд 5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 42-43<br><br><br><br><br><br><br><br><br>44-45 | **Кері байланыс**<br>**«Бес саусақ» әдісі.** Қағаз бетіне қолыңызды қойып, саусақтарыңызды айналдыра сызады. Әр саусақтың өзінің мәні бар, солар бойынша өз ойын білдіре отырып, жан-жақты қарастырады.<br>1. Бас бармақ – мен үшін маңызды және қызықты болды ......<br>2. Сұқ саусақ – мен бүгін .......... түсіндім.<br>3. Ортаңғы саусақ – мен үшін ....... қиын болды.<br>4. Төртінші саусақ – менің бағам ....... , өйткені...<br>5. Шынашақ – Мен ............ білгім келеді.<br>**Үйге тапсырма:** Тапсырмалардың орындалу қажеттіліктерін көрсету<br>№ 7,8 40 бет<br>**Қалыптастырушы бағалау**<br>Отырған орны бойынша белгішелер жасалады | Сұрақтарға жауап береді, ұсыныстарын білдіреді.<br>1. Бас бармақ – мен үшін маңызды және қызықты болды ......<br>2. Сұқ саусақ – мен бүгін .......... түсіндім.<br>3. Ортаңғы саусақ – мен үшін ....... қиын болды.<br>4. Төртінші саусақ – менің бағам ....... , өйткені...<br>5. Шынашақ – Мен ............ білгім келеді.<br>Үй тапсырма сілтемелерін қабылдайды.<br><br>Бағалау үшін өз пікірлерімен бөліседі. | | Кері байланыс парақшалары<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Слайд 6 |